

Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасының шекарасындағы қақтығыс

Осы жылдың сәуір айының соңғы күндері Қырғызстан мен Тәжікстанның шекаралас аумағында қарулы қақтығыс жалғасты. 28 сәуірде Қырғызстан мен Тәжікстанның шекаралас – Соғды және Баткен облыстарының аумағында орналасқан «Бас су бөлу бекеті» учаскесінде қақтығыс орын алды. Тәжік шекарашылары судың таралуын бақылауға мүмкіндік беретін бейнебақылау камераларын орната бастады, ал қырғыз тұрғындары бұған қарсы болды. Ауызша келіспеушілік орын алып, содан кейін оқиғаға қатысушылар бір-бірін таспен лақтыра бастады. 29 сәуірде аталмыш шиеленіс екі елдің әскери күштері қатысқан қарулы қақтығысқа ұласты. Нәтижесінде екі жақтың тұрғындары қаза тауып, зардап шекті.

Кыргызское село Кок-Таш



1 мамырда Тәжікстан мен Қырғызстан президенттері Эмомали Рахмон мен Садыр Жапаров телефон арқылы келіссөздер жүргізді. Сол күні екі елдің үкіметтік делегациялары Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы шекараны демаркациялау және делимитациялау туралы келіссөздерді бастады. Елдер арасындағы шекараның жалпы ұзындығы 980 километрді құрайды, оның жартысына жуығы (400 км) жерде белгіленбеген.

Тапсырма: Осы нақты жағдайда әскери қақтығыс реттелді, алайда оған түрткі болған мәселелер шешімін таппады. Аталған елдер арасындағы мәселелердің түйіні не болып табылатынын көрсетіңіз және аталмыш мәселелер Орталық Азияның басқа елдеріне қалай әсер етуі мүмкін екенін сипаттаңыз.